

**«Шығыс Қазақстан облыстық балалар  
және жасөспірімдер кітапханасы» КММ**

**Ақпараттық—библиографиялық бөлімше**

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша**

**2016 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер**

**(Әдебиеттердің ұсыныс көрсеткіші)**

**Өскемен, 2016**

## ***Құрастырушыдан***

Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы «Шығыс Қазақстанда 2016 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» атты кезекті күнтізбесін басылымға әзірледі.

Бұл құрал екі тараудан тұрады. Бірінші бөлім аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбесінен тұрады. Жалпы тізімде өмірбаяны мен шығармашылығы талданатын есімдер жұлдызшамен белгіленген. Айы мен күні белгісіз атаулы күндер де бөлек тізбемен көрсетілген.

Ал екінші бөлімде атаулы күндер мен еске алынатын есімдер өмірбаяны және шығармашылығы қысқаша анықтама және әдебиеттер тізімі берілген.

Ұсыныс көрсеткіш, сондай-ақ көмекші көрсеткіш – еске алынатын есімдердің алфавиттік тізімімен жабдықталған.

Тараулардың ішінде материал хронологиялық тәртіппен орналасқан.

Көрсеткіш облыс кітапханашыларына, мәдени шара ұйымдастырушыларға, телерадио және баспасөз қызметкерлеріне, жалпы балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беретін ұйым жетекшілеріне, сонымен қатар облысымыздың тарихын, мәдениетін жетік білгісі келетін барша оқырмандарға арналады.

Даталарды анықтау және нақтылау облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының анықтамалық-библиографиялық аппаратының негізінде жүргізілді.

Осы көрсеткіш туралы пікірлеріңізді, ескертпелер мен ұсыныстарыңызды мына мекен-жай бойынша жолдауларыңызды сұраймыз:

**Өскемен қаласы,**

**Ғарышкер көшесі, 6/2**

**Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы**

**Ақпараттық-библиографиялық бөлім**

**e-mail: [childrenlibrary@mail.ru](mailto:childrenlibrary@mail.ru)**

## *2016 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбесі*

### **ҚАҢТАР**

- 1 - Ақын, әдебиеттанушы **Әскербекқызы Жанаттың** туғанына 50 жыл (1966). Халықаралық «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінің жеңімпазы, Республикалық мүшәйралардың жүлдегері, Әбдіраштың Жарасқаны атындағы сыйлықтың иегері.
  - Ақын **Мырзабек Солтанқанұлы Қабуловтың** туғанына 65 жыл (1951). Шығармалары облыс газеттерінде, әдеби-көркем «Восток» журналында жарияланған.
- 2 - Жазушы **Медеу Сәрсекеевтің (Сәрсеке)** туғанына 80 жыл (1936). Ең алғашқы ғылыми фантастикалық повесі «Ғажайып Сауле» 1959 жылы жарық көрген. Содан бергі уақыттарда «Жетінші толқын», «От және атом», «Айшықты мезет» повестері мен әңгімелері, «Туған жердің асылы» новеллалары, «Жаңғырық», «Көмбе» романдары, орыс тілінде «Взрыв» және «ЖЗЛ» сериясымен «Қаныш Сәтбаев» атты деректі ғұмырнамалық кітабы т. б. жинақтары шыққан. А. Беляевтің «Қос мекенді Адам» романын қазақ тіліне аударған. «Құрмет» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, ҚСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.\*
- 4 - Сазгер, музыка зерттеушісі, скрипкашы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер **Әнуар Асқаржанұлы Әкбаровтың** (1946) туғанына 70 жыл.

- 5 - Бұқтырма өлкесінде ақ гвардияшы бандылармен күресу үшін ұйымдастырылған **ерекше үлгідегі отрядтың** құрылғанына 95 жыл (1921).
- Әдеби зерттеуші ғалым **Қайым Мұқамедхановтың** (Ғабдулқайым) туғанына 100 жыл (1896-2004). Әдебиет зерттеушісі, ғалым ретінде Абай мұрасының текстологиялық зерттеулеріне мол үлес қосты. Абай төңірегіндегі атақты әншілер: Көкбай, Ақылбай, Мағауия туралы, өткен заманның кейбір мұралары жайында зерттеулер, көлемді мақалалар жазды. 1996 жылы «Абай» энциклопедиясы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Семей қаласының құрметті азаматы.
- 8 - Жазушы **Ефим Николаевич Пермитиннің** туғанына 120 жыл (896-1971). «Горные орлы» тетралогиясына енген «Капкан», «Враг», «Любовь», «К вершинам» романдарының авторы. 1958 жылы «Раннее утро» өмірбаяндық повесін, табиғат және аңшылыққа арналған «Охотничье сердце» жинағын жариялады.
- 10 - Ақын, фольклоршы, сазгер **Шәкір Әбеновтің** (1901-1994) туғанына 115 жыл. Оның ең алғашқы «Борсықтар» атты өлеңі 1916 жылы «Айқап» журналында жарияланды. 1937 жылы ол өз нұсқасындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жариялайды. Артынан «Кейпін батыр», «Таңшебер - Жапал», «Ортақ Арал», «Шыңғыстау», «Шыңғыстау сазы», «Дастандар», «Анна махаббаты», «Тоқтамыс батыр» атты дастандары жарық көрген. «Сары жұлдыз» әні халық арасында кең таралған.\*

- 13 – Үлбі металлургиялық зауытының директоры **Владимир Петрович Потаниннің** туғанына 90 жыл (1926-1981).
- 17 - Зырян кентінің **Зырян қаласы** боп аталғанына 75 жыл (1941).
- 22 - Ақын **Нұржан Қуантайұлының** туғанына 45 жыл (1971). 2001 жылы «Қаламгер» баспасынан «Адырна» атты алғашқы өлеңдер кітабы шыққан.
- 24 - Жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **Әлібек Асылбайұлы Асқаровтың** туғанына 65 жыл (1951). «Құтмекен» «Тайға толғауы», «Жасыл әлемге саяхат», «Ерте түскен бозқырау», «Өр Алтай, мен қайтейн биігінді», «Мұнар тауда, мұзарт шыңды аңсаймын» атты кітаптардың авторы. Орыс тілінде «Родники рождаются в горах» атты әңгімелері мен повестерінің жинағы жарық көрді. «Астана» медалімен марапатталған.
- 25 - Шаңғы спортының саңлағы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2011 жылғы Қысқы Азия ойындарының чемпионы **Черепанов Сергейдің** туғанына 30 жыл (1986).

## АҚПАН

- 28 - Самар ауданында (қазір Көкпекті ауданы) «**Чистоярский**» совхозының ұйымдасқанына 55 жыл (1961).
- Ұлан ауданында «**Ұлан**» совхозының ұйымдасқанына 55 жыл (1961).
- Ақпан– Абай ауданында өткен **Абыралы көтерілісіне** 85

наурыз жыл (1931).

## НАУРЫЗ

- 1 – **Шемонаиха ауданындағы «Верхуба» совхозының** құрылғанына 55 жыл (1961 ж.)
- 6 - Кеңес Одағының Батыры, Қызыл Жұлдыз, Ленин, Отан соғысының I дәрежелі ордендерінің иегері, түрлі медальдармен марапатталған **Павел Павлович Журбаның** (1916) туғанына 100 жыл.
- 12 - Күйші, ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі **Тұрысбеков Секеннің** туғанына 55 жыл (1961).
- 14 - Әнші, Қазақстанның халық әртісі **Абдуллин Мүсілім Мүкімұлының** (1916) туғанына 100 жыл.\*
- Әнші, Қазақстанның халық әртісі **Абдуллин Ришат Мүкімұлының** (1916) туғанына 100 жыл.\*
- 20 - **А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының** құрылғанына 120 жыл (1896).
- 24 - Кеңес Одағының Батыры, Отан соғысының I дәрежелі, Отан соғысының II дәрежелі, Ленин ордендерінің иегері **Алексей Семенович Крахмальдің** (1911-1987) туғанына 105 жыл.
- Кенді Алтайда **ара шаруашылығының** пайда болғанына 230 жыл (1786).
- 25 - Қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі – **Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлының** туғанына 150 жыл.\*
- 29 - Өскемен хоккей мектебінің түлегі, 2001, 2002, 2009 жылдардағы Қазақстан чемпионы, 2006

жылғы Қысқы Азия ойындарының жеңімпазы **Васильченко Алексейдің** туғанына 35 жыл (1981).

## СӘУІР

- 10 -** Қазақстандық жазушы **Александр Иванович Егоровтің** (1926) туғанына 90 жыл. «Таежный затворник» романының, «Отдельный штурмовой», «Дол березовых туманов» повестерінің, «На плацдарме у Вислы реки», «Момент истины», «Чудила», «На красных такырах» және т.б. әңгімелердің авторы.
- 24 -** Қазақстанның халық жазушысы **Жұмаділов Қабдештің** (1936) туғанына 80 жыл. «Дарабоз», «Қылкөпір», «Таңғажайып дүние», «Көкейкесті», «Соңғы көш», «Атамекен» атты романдары мен «Мәңгілік майдан» атты кітабы жарық көрген.
- 30 -** Сыншы, әдебиеттанушы, теледраматург **Сұлтан Шәріпұлы Оразалиновтің** (1941) туғанына 75 жыл. «Шындық және көркемдік шешім» монографиясының және «Отырардың күйреуі», «Үйлену», «Ақын ажалы», «Ажал фабрикасы», «Қашқын» телевизиялық пьесаларының авторы. «Сұхбат», «Халық қазынасы», «Шұғыла», «Қымызхана», «Кездесу», «Айтыс» хабарларын алғаш ұйымдастырып, сценарийлер мен қырық шақты ғылыми-зерттеу мақалалар жазған. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Барыс» белгісімен марапатталған.

## МАМЫР

- 1 - Жазушы **Кәдірбек Сегізбаевтің** туғанына 75 жыл (1941-). «Ашылмаған сыр», «Қойнауудағы ауыл», «Өртеңге өскен гүл», «Жылдың ең қысқа күндері» атты әңгімелер мен повестердің, «Жол», «Беласқан» романдарының авторы. 1979 жылы Қ.Сегізбаевтің аудармасымен А.Лихановтың «Менің генералым» романын, словак жазушысы М. Дрючкованың «Ақ ханша» ертегілерін, поляк ғалымы Б. Залескийдің «Қазақ сахарасына саяхат» кітабын қазақ тіліне аударған. «Біз қалада тұрамыз» жинағы үшін оған 1984 жылы Қазақстан жазушылар одағының М. Әуезов атындағы сыйлығы берілді.
- Кинорежиссер, Қазақстанның халық артисі **Әбішев Ораздың** туғанына 100 жыл. 1916 жылы (кейбір мәліметтерде 1 қыркүйек) Абай ауданы Қайнар ауылында дүниеге келген. 1939 жылдан бастап кино түсірумен айналысқан. «Дина Нұрпейісова», «Шалғай жайылымдарда», «Абай», «Біздің қалада», «Мәскеуге сәлем», «Денсаулық аралы», «Апа», «Ашылған алақанның құпиясы», «Тастағы таңба», «Бір хаттың ізімен», «Тарихпен тілдесу», «Мәукен даласы», «Сынақ» және т.б.фильмдер түсірген. «Арман аралы», «Кеншілер әулеті», «Мұқан Төлебаев», «Желден жүйрік» деректі фильмдері үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алған. Октябрь революциясы, екі мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.\*
- 5 - Жазушы **Кайыммұнар Табеевтің** туғанына 60 жыл (1956). «Шырқа керней», «Ар өлшемі», «Қатарда жүр қарт солдат», «Халық



қалаулылары», «Байғазы», «Алматы. Желтоқсан – 86» жинақтарында деректі әңгімелері жарияланды. «XX ғасырдың обасы», «Үш күннің дерекнамасы», «Қайсар рухты қазақ» атты кітаптары жарық көрді. 1990 жылы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреты атағын иеленді.

- 16 - Ақын, жазушы **Михаил Сергеевич Немцевтің** туғанына 60 жыл (1956). Қазақстан және Ресей жазушылар одағының мүшесі. «Родство», «Голоса Беловодья», «...А все остальное слова!» жыр жинақтарының авторы.
- **Риддер қаласының** іргетасы қаланғанына 230 жыл (1786).

## МАУСЫМ

- 1 - «Шығыс айналмасының» («Восточное кольцо») 42 күннен кейін пайдалануға берілген **II күре жолының** салынғанына 75 жыл (1941).
- 3 - Ақын, жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері **Семен Михайлович Анисимовтің** туғанына 100 жыл. (1911-1970). «Прииртышье» өлеңдер жинағының, «Родничек», «Современник», «Сентябрь», «Окно в юность», «Избранное» атты поэтикалық кітаптардың авторы. Оның қаламынан «Тайна Парамона Крутихина», «Медная верстатка», «Кукушка» сияқты бірқатар прозалық шығармалар туындады. Қызыл Жұлдыз орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.
- 14 - Жазушы **Александр Мелентьевич Волковтың** туғанына 125 жыл (1891-1977). «Волшебник изумрудного города», «Урфин Джюс и его

деревянные солдаты», «Семь подземных королей», «Огненный бог Марранов» сияқты ертегі повестердің, «Два брата», «Зодчие», «Скитания» тарихи романдарының авторы.

- 18 - Кеңес Одағының Батыры, Қызыл Жұлдыз, Ленин, Отан соғысының I дәрежелі ордендерімен, медальдармен марапатталған **Иван Михайлович Яроцкихтің** (1916-1980) туғанына 100 жыл.
- 19 - Өскемен **жиһаз комбинатының** алғашқы өнімін шығарғанына 60 жыл (1956).
- 30 - Жазушы, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **Юсуп Кеңестің** туғанына 75 жыл (1941). «Ақиқат сапар» (1977), «Қарашадағы көктем» (1981), «Охотка полевых цветов» (1983) атты повестері мен әңгімелері жарық көрген.

### ШІЛДЕ

- 12 - Таврия ауданындағы (қазір Ұлан ауданы) «**Азовский**» **совхозының** құрылғанына 55 жыл (1961).
- 17 - **Катонқарағай Мемлекеттік табиғи ұлттық паркінің** құрылғанына 15 жыл (2001).\*
- 20 - Жазушы **Ахмет Жүнісовтың** туғанына 90 жыл (1926-1998). «Жанасыл», «Өмір іздері», «Аласапыран кез», «Ақжелен», «Екі ошақтың түтіні», «Пәниден бақиға дейін», «Богда» повестері мен әңгімелерінің авторы.

### ТАМЫЗ

- 4 - **Марқакөл Мемлекеттік табиғи қорығының** ұйымдасқанына 40 жыл (1976). \*
- 6 – Таврия ауданының «**Путь Ильича**» аудандық

**газетінің** (қаз. Ұлан аудандық «Ұлан таңы» газеті) алғашқы нөмірінің шыққанына 75 жыл (1941).

**9 - Журналист Сая Иссаның (Исабаев) туғанына 60 жыл (1956).**

- Семей қаласындағы **«Еңлік - Кебек» кинотеатрына 15 жыл (2001).**

**15 - Ақын, жазушы Тұрсын Жұртбайдың туғанына 65 жыл (1951).** «Замандасым, сырласым» (публицистика), «Қоныр қаз», «Жүрегімде – жұмыр жер» атты жыр жинақтарының, «Бесқарагер», «Дара тұлға» (деректі хикаят), «Жер – бесік» (роман-новелла), «Бабочка по снегом», «Бейуақ», «Дулыға» (1-2 кітап), «Кетбұға», «Бесігінді түзе!», «Талқы», «Мухтар Омарханович Ауэзов», «Күйесің жүрек...сүйесің!», «Бесігінді аяла!...» атты шығармалардың авторы. Қазақстан Жазушылар одағының Ш. Құдайбердіұлы атындағы «Алаш» және І. Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтарының лауреаты. «Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген ерекше еңбегі үшін» белгісімен марапатталған.\*

**30 - Алтайды зерттеген Александр Никитич Седельниковтің (1876-1919) туғанына 140 жыл.**

## **ҚЫРКҮЙЕК**

**1 - Ертіс мыс қорыту зауытының іске қосылғанына 85 жыл (1931).**

**4 - Крюковск кен орнының ашылғанына 205 жыл (1811).** Кен орны оны ашқан Павел Иванович

Крюковтың құрметіне аталған.

- 26 -** Ғалым-зерттеуші **Михаэлис Евгений Петровичтің** туғанына 175 жыл (1841-1913). Қазба байлық пен ауа-райын зерттеумен шұғылданды, гидрогеологиялық мәселелерді қарастырып, Зайсан өлкесіндегі тас көмір үйіндісі мен Өскемендегі алтын кен орындарын ашқаны үшін Ресей Географиялық қоғамының медалімен марапатталды.
- Өскеменде мәдени-ағарту училищесінің (қазір Ағайынды Абдуллиндер атындағы өнер колледжі) ашылғанына 40 жыл (1976).

### ҚАЗАН

- 7 -** Актер, Қазақстанның халық әртісі **Жолжақсынов Досханның** туғанына 65 жыл (1951). Түркі тілдес халықтар театрлары байқауының бас жүлдесін иеленген (1998), ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1996).
- 10 -** Ақын **Айжарық Абылқасымовтың** туғанына 55 жыл (1961). Мүшәйралар жүлдегері. «Сағынған көздің моншағы» (1992), «Жүректе бүгін сызат көп» (1995), «Махаббатым менің» (1996), «Ең бақытты шақтарым» (2003), «Көңілдария» (2003) атты кітаптары жарық көрген.
- Жазушы **Ғазиз Сапаевтің** туғанына 90 жыл (1926). «Жыл жемесі», «Менің көгершінім», «Гүлдана», «Туған жерден алыста», «Жол үстінде» атты повестер мен әңгімелердің, «Сағыныш» романының авторы.
- 11 -** Жазушы **Роллан Сейсенбаевтың** туғанына 65 жыл (1946). «Өмір сүргің келсе», «Тау басында түйіскен жол», «Трон сатаны» романдарының,

«Аңсау», «Өзімді іздеп жүрмін», «Сағынып жеткен жаз еді», «Всего одна ночь», «Последний снег» атты повестер мен әңгімелердің авторы. Қазақстан Комсомолы сыйлығының, ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

16 - **Өскемен автоматика құралдары зауытының** (қазір «Казпромприбор» ЖШС) алғашқы өнімін шығарғанына 50 жыл (1961).

23 - **Шемонаиха кентінің** қала болып құрылғанына 55 жыл (1961).

### ҚАРАША

1 - Серебрянск қаласындағы **«Первомайский» совхозының** құрылғанына 60 жыл (1956).

5 - Ақын, әдебиеттанушы, ҚКСР Халық жазушысы **Тұрсынхан Әбдірахманованың** туғанына 95 жыл (1921-2003). «Әннен әнге», «Танисыз ба бұларды?», «Шырқау», «Кілт», «Мерей», «Наз көңіл» атты өлеңдер мен поэмалардың, сондай-ақ «Ақын сыры», «Қасым Аманжоловтың поэтикасы» монографияларының авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен және медалдармен марапатталған. 1985 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді. ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі. «Парасат» орденінің иесі.

27 - Ақын **Сәду Машақовтың** туғанына 110 жыл (1906-1995). Алғашқы жыр жинағы «Колхоз жыры» деген атпен 1932 жылы жарық көрген. Одан кейін «Балға жыры», «Жартас», «Отан үшін», «Кезеңдер», «Жылдар мен жолдар»,

«Сапарда», т.б. кітаптары, 1986 жылы «Ақ көңіл» деген атпен таңдамалы өлеңдері мен поэмалар жинағы шыққан. «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

## ЖЕЛТОҚСАН

- 9 - Алтайды зерттеген саяхатшы, бірқатар жағрафиялық ашулар жасаған **Василий Васильевич Сапожниковтың** туғанына 155 жыл. (1861-1924),
- 11 - Ұлан ауданындағы «**Никитинский**» совхозының құрылғанына 55 жыл (1961). 1997 жылдан бастап атауы «Бозанбай» деп ауыстырылды және ауылдық әкімшілік округінің орталығы.
- 16 - Жазушы **Талаптан Ахметжанның** туғанына 55 жыл (1961-2009). «Тұма», «Сұлу мен суретші», «О дүниенің қонағы», «Ақиқат жолы», «Мұң» атты прозалық кітаптары жарық көрген. «Жігер» фестивалінің, Қазақстан Жазушылар одағының Оралхан Бөкей атындағы сыйлығының иегері. 1996 жылы «Тұма» атты әңгімелер мен хикаяттар жинағы үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, 2002 жылы «О дүниенің қонағы» атты прозалық жинағы үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды
- **Желтоқсан оқиғасына 30 жыл** (1986).
- 23 - Ақын, жазушы, Ұлы Отан соғысына қатысушы **Есет Әукебаевтің** туғанына 90 жыл (1921). «Сақшы сыры», «Таң шапағы», «Асқар таулар», «Бірлік бәйтерегі», «Кеңшілік», «Өмір – бақыт», «Күн мен көлеңке» атты өлеңдер жинақтарының авторы. Әскери-патриоттық мәндегі өлеңдер циклі үшін А.А.Фадеев атындағы күміс медалмен

марапатталды. Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «За боевые заслуги», «За безупречную службу», «За доблестный труд» медалімен, басқа да көптеген медальдармен марапатталған.\*

- **Майдан және еңбек ардагері - Ұзақбаева Күләнданың** туғанына 90 жыл (1926). Көркем аударма саласында еңбек еткен, Ш.Перроның «Ғажайып ертегілері» Л. Воронкованың «Қаладан келген қыз» повесін, Д. Родаридің «Телефонмен айтылған ертегілерін», С. Алексеевтің «Суворов және орыс солдаттары туралы» әңгімелерін, сондай-ақ үш көркем фильмді қазақшаға аударған, 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне арналған медальмен, «Баспа үздігі» белгісімен марапатталған.

**28 - Өскемен өзен кемежайының** пайдалануға берілгеніне 50 жыл (1966).

**30 - Жазушы, драматург Николай Иванович Ановтың** туғанына 125 жыл (1891-1980). 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған. Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды.

**31 - Медицина ғылымының докторы, ғалым, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері – Айқымбаев Масғұт Айқымбайұлының** (1916-1992) туғанына 100 жыл. 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

## *Айы мен күндері белгісіз даталар*

Көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым-экономист **Әзімбай Лекеровтің** туғанына 115жыл (1901-1938). 1938 жылы 26 ақпанда жазықсыз ату жазасына кесілген. 1957 жылы ақталды.

Ақын, әнші, сазгер, Абайдың Ақылбайдан туған немересі - **Әубәкір Ақылбайұлының** туғанына 135 жыл (1881 - 1934).

Ақын, Абайдың үлкен ұлы – **Ақылбай Абайұлы Құнанбаевтың** туғанына 155 жыл. Ол ақындығымен қоса, белгілі домбырашы, скрипкашы атанған, сазгерлік талантымен танылған (1861-1904).

Ақын, Абайдың талантты шәкірттерінің бірі - **Әріп Тәңірбергенұлының** (1856-1924) туғанына 160 жыл.

Мүсінші **Петр Борисович Шишовтың** (1926-1996) туғанына 90 жыл.

Суретші **Борис Иванович Французовтың** (1911-1987) туғанына 105 жыл.

**Аягөз қаласының** іргесі қаланғанына – 185 жыл (1831).

Ұлан ауданының **Асубұлақ кентінің** негізі қаланғанына 75 жыл (1941).

Кеңес Одағының Батыры **Василий Васильевич Бунтовскихтің** (1921-1945) туғанына 95 жыл. Майданда көрсеткен ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз, Ленин орденімен, медальдармен марапатталған.



Жазушы **Талғат Кеңесбаевқа** 55 жыл (1961). 1988 жылы республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты атанды. 1990 жылы «Француз әтірінің иісі» атты тұңғыш кітабы жарық көрді.

Азамат соғысының қаһарманы – **Айғыз Көшімбайқызының** (1876-1918) туғанына 140 жыл. Сергиопольдегі (Аягөз) қазақ эскадронын қарусыздандыруға және қорғаныс күндері окопқа тамақ жеткізуге көмектесіп, жаралыларды емдейтін пункт ұйымдастырған.

Суретші **Виктор Сергеевич Меньшиковтің** (1926) туғанына 90 жыл.

**Өскемен теміржол вокзалына 80 жыл** (1936).

Өскемен қаласында алғашқы **радиохабар тарату қондырғысының** іске қосылғанына 80 жыл (1936).

Шығыс Қазақстан аумағын белгілі орыс ғалымы **Владимир Афанасьевич Обручевтің** зерттегеніне 105 жыл (1911).

**Зыряновск кен орнының** ашылғанына 225 жыл (1791).

**Зыряновск қаласының** негізі қаланғанына 225 жыл (1791).

Өскемен құрылыс жол институтының негізіндегі **Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің** құрылғанына 20 жыл (1996). 1997 Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы қаулысымен университетке ЖОО-ң алғашқы ректоры Дәулет Серікбаевтың аты берілді.

**«Эхо» кинотеатрінің** пайдалануға берілгеніне 105

жыл (1911).

Алтай Ботаникалық бағының негізін салған **Петр Александрович Ермаковтің** (1886-1944) туғанына 130 жыл.

Бұқтырма өзенінің құйылысына **Бұқтырма бекінісінің** негізі қаланғанына 255 жыл (1761).

**Никольск кенішінің** ашылғанына 255 жыл (1761).

Кенді Алтай аумағын белгілі ғалым **Петр Симон Паллас** зерттеген уақыттан бері 245 жыл (1771).

Полиметалл кендерінің Зыряновск кен орнында **Васильевск шахтасының** ашылғанына 205 жыл (1811).

**Сугатовск кен орнының** ашылғанына 165 жыл (1851).

**Қаракерей Қабанбай батырдың** туғанына 325 жыл (1691-1769) басқа мәліметтерде (1692-1770). Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қол басшы ретінде аты шыққан.

Әнші-күйші, ақын, өнерпаз - **Ағашаяқтың (Берікбол Көпенұлы)** (1861-1932) туғанына 155 жыл.

**Шынқожа батырдың** туғанына 310 жыл (1706-1770). Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қол басшы ретінде аты шыққан.

Кеңес Одағының Батыры **Журба Павелдің** (1916-1989) туғанына 100 жыл.

Кеңес Одағының Батыры **Фонов Николайдың** (1911-1950) туғанына 105 жыл. 30-атқыштар дивизиясы 59-артиллериялық полкінің зеңбірекшілер командирі.

Кеңес Одағының Батыры **Ысқақов Қапайдың** (1906 -1973) туғанына 110 жыл. Ленин орденімен марапатталған.

Кеңес Одағының Батыры **Полынин Феодордың** (1906-1981) туғанына 110 жыл. Қызыл Ту орденімен марапатталған. Польша әскерінің әскери әуе күштерін басқарды.

Жазушы **Құрбанғали Халидидің** (1846-1913) туғанына 170 жыл. «Новые исторические записки» (1889), «Очерки истории пяти восточных народов» (1910) атты екі құнды еңбектің авторы. Бұл еңбектері тарихи-танымдық, этнографиялық мәліметтерге бай.

Ақын **Бүркітбайұлы Жүнісқанның** (1896-1926) туғанына 120 жыл. «Бай кеткен соң бәйбіше», «Сақып байға», «Құнанбай атаң болса Құдай емес», «Қамауда», «Қайран елім» өлеңдері бар.

Ақын, ағартушы **Жанатайұлы Көкбайдың** (1861—1925) туғанына 155 жыл. «Семейге Абай келсе бізге думан», «Абайдай ұлы тумағы болар ғайып», «Абайдан сабақ алдым бала жастан» атты өлеңдері, «Сабалақ», «Құлынды», «Қандыжап», «Ғаділ патша қиссасы», «Арон Рашид қиссасы» дастандары белгілі.

Әнші, продюсер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері **Ілиясова Майраның** туғанына 60 жыл (1956).

*Аталып өтілетін мерейтой иелеріне  
қысқаша анықтама және әдебиеттер тізімі*



**2 ҚАҢТАР**

**Медеу  
Сәрсекеев (Сәрсеке)**

**туғанына 80 жыл  
(1936)**

1936 жылы 2 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қайнар ауылында туған. 1958 жылы Қазақстан кен–металлургия институтын тәмамдап, инженер–металлург мамандығын алып шыққан соң, «Лениншіл жас» газетінің редакциясында жұмыс істеп, біраз уақыт жұмысшы жастар бөлімін басқарған. 1959 жылы Семей цемент заводына ауысып, біраз жыл қатардағы инженерден техникалық бөлім бастығына дейінгі қызметтерді атқарды. 1963 жылы Өскеменде «Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болып істеді. Ал 1965 жылдан бері әдеби жұмысқа біржола ауысып, Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы міндетін атқарды.

Ең алғашқы ғылыми фантастикалық повесі «Ғажайып сәуле» 1959 жылы жарық көрген. Содан бергі уақыттарда «Жетінші толқын» (1964-1977), «От және атом» (1965), «Айшықты мезет» (1968) повестері мен әңгімелері, «Туған жердің асылы» (1974) новеллалары, «Жаңғырық» (1979), «Кәмбе» (1983) романдары, орыс тілінде «Взрыв» және

«ЖЗЛ» сериясымен «Қаныш Сәтбаев» атты деректі ғұмырнамалық кітабы т.б. жинақтары шыққан. А. Беляевтің «Қос мекенді адам» романын қазақ тіліне аударған. Драматургия жанрында да еңбек етті.

«Құрмет» орденімен (2001), «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



### **Ол туралы:**

Нәсенов Б. Абыралы - Сарыарқаның Кіндігі [Мәтін]. 5 том, 7- 8 кітаптар. Қазақтың 200 жылғы тарихы. Достар / Б. Нәсенов. – Новосибирск, 2005. - 305 б.

Сәрсекеев М. [Мәтін]: [қысқаша өмірбаяны] // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: анықтамалық. – Алматы, 2004. – Б. 273.

Салықов К. Ақиқатқа араша [Мәтін] / К. Салықов // Қазақ әдебиеті. – 1996. – № 7-8. - Б.12.

Сәрсекеев Медеу // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана: Фолиант, 2011.- 147 б.

### **Шығармалары:**

Еспенбетов А. Шығармалары [Мәтін]: 2-т. Зерттеулер, мақалалар /А. Еспенбетов. - Астана: Фолиант, 2014. - 472 б.

Сәрсекеев М. Жетінші толқын [Мәтін]: ғылыми - фантастикалық хикаяттар мен әңгімелер / М. Сәрсекеев; ред. А. Хасенова. - Алматы: Атамұра, 2004. - 312 б.

Сәрсекеев М. Таңдамалы шығармалары [Мәтін]: 6 томдық / М. Сәрсекеев. - Астана: Фолиант, 2006.

Т. 1: Ғылыми-фантастикалық және өзге де хикаяттар мен әңгімелер. – 468 б.

Т. 2: Жарылыс: роман. – 460 б.

Т. 3: Көмбе: роман, таңдамалы шығармалары. – 432 б.

Т. 4: Ғұмырнама: роман, таңдамалы шығармалары. 424 б.

Т.5: Қайран Бөкетов: роман, таңдамалы шығармалары. – 474 б.

Т. 6: Естелік-эсселері. – 524 б.

Сәрсекеев М. Қаныш Сәтпаев [Мәтін] / М. Сәрсекеев. - Астана: Фолиант, 2008. – 648 б.

Сәрсекеев М. Қуғындалған «Сәтпаев» [Мәтін] / М. Сәрсекеев. - Алматы: Шабыт, 1994. – 244 б.

Сәрсекеев М. Шығармалары [Мәтін]. 1-т. Нашар пьеса 500 рет қойылмайды: 7 драма, солар төңірегіндегі қитұрқы оқиғалар / М. Сәрсеке. - Астана : Фолиант, 2013. - 512 б.



## 10 ҚАҢТАР

### Шәкір Әбенov

туғанына 115 жыл  
(1901 - 1994)

Абай мен Шәкәрімді, Мұхтарды тудырған Шыңғыстаудың қасиетті топырағы талантқа кенде болып көрген емес. Әсіресе, бұл өңірде талантты ақын-жазушылар өте көп.

Солардың бірі – бірегей талант иесі, халық ақыны **ШӘКІР ӘБЕНОВ**. Өмірдің талай қиын соқпақтарын көрген, талайлы тағдырын отқа да, суға да салған, сүңгілі көк мұзға лақтырған, бірақ мойыта алмаған ақынның биыл **115** жылдығы.

Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Құндызды ауылында туған. Ауыл молдасынан, Семейдегі приход мектебінде, Уфадағы Ғалия медресесінде оқыған. 1916 жылы Семейдегі ер балалар гимназиясына оқуға қабылданады.

Алапат күдіреті мен қасіреті таразыға тең түскен ғасырымызда дүниеге келген, өзі сол ғасырмен түйдей құрдас болған, тағдырдың талай сынына шыдаған, заманымыздың шежіресі, ғажап туындылар дүниеге келтірген, әрі ақын, әрі композитор Шәкір Әбенov туралы шындық бүгінге дейін айтылған жоқ. Ол ұрпақтар құлағына тек аңыз-әңгімелер күйінде еміс-еміс келіп жетті. Олай болуының басты себебі – қай жерде, қашан болсын ақынның өз жүрегінің сөзін сөйлегені, қара қылды қақ жарып әділдігін айтқандығы еді. Бірақ бұл жеке адамның басына тәу еткен сталинизм заманына, одан кейінгі әкімші-әміршіл тоқырау дәуіріне ұнай қоймады. Сөйтіп, ақын жазықсыздан жазықсыз бір емес, екі рет репрессияға ұшырады.

Алайда, ақын осындай тар жол, тайғақ кешуде жүріп, тағдырдың салғанына тамыры терең емендей қасқая қарсы тұрып, өз нұсқасындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын, «Кейкі батыр», «Шыңғыстау», тағы басқа көптеген жыр–дастандарды дүниеге келтірді. Бірнеше әндер жазды. Үш ішекті домбырада ешкім білмейтін күйлерді орындады. Сондай-ақ, Дулат жыраудың көптеген мұрасын алғаш жинап, тапсырған да осы кісі болатын.

Ер туады ел үшін,  
Ер – елінің қорғаны.  
Маңайына ел жиса,  
Ұялы терек ордалы...

Шәкір Әбенov

Ғасырға жуық ғұмыр жасап, ғасырдай мағыналы өмір кешкен ақын тағдыры аяулы да қастерлі, үлкен құрметке лайық.



### **Ол туралы:**

Әбенев, Шәкір. Ер еңсесін ерлер биіктетер [Мәтін] // Байжан-Ата, Сапар. Өткеннен-мұрағат, өркенге-ұлағат: зерттеулер, толғаулар, эсселер. – Алматы, 1998. – Б. 167.

Әбенұлы Ш. [Мәтін]: [қысқаша өмірбаяны] // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: анықтамалық. – Алматы, 2004. – Б. 45.

Жанғалиев, Төлеген. Елбасыға бата берген абыз ақынның ақиқаты әлі айтылған жоқ [Мәтін] / Т. Жанғалиев // Дидар. - 2011. - 15 қыркүйек (№108). - Б. 7.

Құсанбек, Бейбіт. Халық ақыны – Шәкір Әбенев [Мәтін] // Құсанбек, Бейбіт. Ғұмыр-дария. – Алматы, 2008. – Б. 6-7.

Тоқанұлы, Бодаухан. Ол кісі Хамиттің өкіл әкесі болған [Мәтін] / Б. Тоқанұлы // Дидар. - 2011. - 22 қараша (№137). - Б. 137.

Түңлікбаев, Марат. "Абай жолының" жазылуына ауқымды үлес қосқан [Мәтін] / М. Түңлікбаев // Дидар. - 2011. - 15 қыркүйек (№108). - Б. 7.

### **Шығармалары:**

Әбенев, Шәкір. Шыңғыстау [Мәтін] : толғау-термелер, өлең-дастандар, аңыздар, мысалдар мен әңгімелер / Ш. Әбенев. - Астана : Фолиант, 2011. - 504 б.

Байжан-Ата, Сапар. Өткеннен-мұрағат, өркенге-ұлағат [Мәтін] : зерттеулер, толғаулар, эсселер / С. Байжан-Ата. - Алматы : Қазақстан, 1998. - 480 б.





**14 НАУРЫЗ**  
**Ағайынды**  
**Абдуллиндер**  
**туғандарына 100**  
**жыл**

**Ришат Абдуллин**  
**(1916-1988)**

**Мүсілім Абдуллин**  
**(1916-1996)**

Екі адам қосылып, келістіріп ән салса қазақ: «Оу, мыналар ағайынды Абдуллиндер ғой!» дейтін бұрындары. Абдуллиндер әншілігін қосылып ән салудың ең шеберлігі, биік шыңы деп санаудан жұрт аузында мәтел болып кеткен теңеу еді. Әуесқойлар «Әйтеуір сол қыз бір сұлуды» «Абдуллиндер болып» шырқауға талпынатын.

Әрине, театрға бармаған 40-60 жылдардың қырдағы халқы Мүсілім мен Ришат Абдуллиндердің ең алдымен қазақтың опера жанрын өркендетуге үлес қосып жүрген саңлақтар екенін ол кезде білмеуі де мүмкін. Екеуі де отызыншы жылдары Алматы музыка техникумын, Мәскеу консерваториясын бітірді. Екеуі де Абай атындағы опера және балет театрында солист болды. Мүсілім «Ер Тарғында», «Абайда», «Онегинде» - Төлеген, Әзім, Ленский болып ән салды. Ришат Абай ролін алғашқы

орындаушылардың бірі. Осыдан 60 жыл бұрын Мәскеудегі қазақ өнерінің онкүндігіне ағайынды екеуі бірге қатысты.

Ришат «Сандуғашты» салғанда бұл дүниеде татардың әнінен артық әуен жоқтай болған күндерді сағындық–ау.



### Олар туралы:

Боранғалиұлы, Тілекқабыл. Абдуллиндер салған ән [Мәтін] // Боранғалиұлы, Тілекқабыл. Ғасырға сыр. – Астана, 2001. – Б. 266 – 267.

Қазақ мәдениеті [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық / ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі; ред. М. Жақсылықова. - Алматы: Аруна, 2005. - 655 б.

Мұқанов А. Ағайынды Абдуллиндер [Мәтін] /А. Мұқанов // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 20 ақпан (№12). - Б.12.



## 25 НАУРЫЗ

### Әлихан Бөкейханов

туғанына **150 жыл**  
**(1866-1937)**

Орынборда Алашорда деген атпен алғаш құрылған қазақ өкілдерінің (халық кеңесінің)

тұңғыш төрағасы; «Коммунистер манифесін» тұңғыш қазақшаға аударған Алаш көсемі **Бөкейханов Әлихан**

**Нұрмұхамедұлы** бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысында (қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында) дүниеге келген. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарағаны тағы анық. Бөкей хан – атақты Көкжал Барақтың баласы. Әкесі – Нұрмұхамед. Ауыл баласы – ойын баласы. Алайда, «болар бала...» - тоғыз жасында барған Әлихан Қарқаралыдағы 3 сыныптық мектепке өз еркімен ауысып алды. Артынша, сол қаладағы үш жылдық училищеге түсіп, оны «өте жақсы» деген бағамен аяқтап, он алты жасар Әлихан Омбының техникалық училищесіне қабылданады, «Үздік оқыған баланы ұстазы да қолдайды» демекші, мектеп мұғалімдері оның ары қарай оқуын жалғастыруға көмек жасады. Дала генерал–губернаторының ұсынысымен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алған Әлихан Санкт–Петербургтің Орман шаруашылығы институтының экономика факультетінде оқыды.

Осы бір орта оның көзін ашып, оң–солын аңғартуға көп көмек жасады. Ұлтының ауыр тағдырын ойлап, мазасыздана бастады, жол іздеді. Халықтың ой–санасын оятып, саясатты түсінерліктей дәрежеге жеткізу үшін ұлтының білім алуы керектігін түсінді.

Омбыға оралғанда кешегі жас бала Әлихан жан–жақты көзқарасы бар, ұлттық рух пен намыспен қаруланған аса зерделі саясаткер еді. Ол құлдық санадан құтылу үшін көптеген әрекеттерге барады. Елге насихат жүргізіп, отаршылдық не екенін түсіндіреді. Қазақ басылымы беттеріне азаттық, тәуелсіздік жайында көптеген мақалалар жариялайды. Алайда, патша жансыздарының қақпанына түсіп, Семей түрмесіне жабылып, Самар қаласына жер аударылады. Бұғаудан босағанан кейін де ол азаттық үшін күресін тоқтатпайды. Қазақ автономиясын құруға ат салысады. Ол үшін алаш партиясын ұйымдастырады. Түптің түбінде 1917 жылдың желтоқсанында Қазақ

автономиялы республикасын құрып, оның тұңғыш төрағасы болып сайланады. Алайда, жеңіске жеткен қызыл үкімет олардың жұмысын тоқтатып, басшыларын қудалады. Әлихан Мәскеуге жер аударылып, Алашорда үкіметі жыл жарымдай ғана өмір сүрді.

Кеңес үкіметі Алашорда басшыларына 1919 жылы кешірім жасады. Оның көсемдері әртүрлі жұмыстар істеп, «Коммунистер манифесін» тұңғыш рет қазақ тіліне аударды. Міржақып Дулатов жоғары оқу орнында сабақ берді, оқулықтар жазды.

Негізінде, алашорда үкіметінің қабылдамағаны «Қызылдар» ұсынған қоғамдық меншік туралы еді, яғни мал да, жан да тек өкіметтікі деген болатын. Расында, қазақ жұрты мұндай меншікке дайын емес-тін. Ғасырлар бойы қалыптасқан жүйені бір күнде аз ғана уақыттың ішінде өзгерте салу қиынның қиыны еді. Сол себептен бе, біз Алаш партиясын құрып, оның өкіметін сайлау үшін еңбек етіп, бір жарым жыл болса да қазақ мемлекетін жасаған Әлихан Бөкейханов сынды азаматтардың бұл тірлігін - ұлт азаттық қозғалысы деп тану қажет.

Қызыл репрессияның қанды қылышы аспанға көтеріліп, большевиктер жан-жағынан жау іздеген шақта, алғашқылардың бірі болып, Әлиханның «халық жауы» атануы анық еді. Ол 1937 жылы Мәскеуде ұсталып, 1938 жылдың мамыр айында 71 жасында атылды.

Ғұлама ғалым, ормантанушы, этнограф, экономист, мал шаруашылығын зерттеуші, ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, әдебиеттанушы, аудармашы әрі публицист, Ресейдің I – Думасының және мұсылман съезінің депутаты, IV мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының бюро мүшесі Әлихан Бөкейханов мәңгілікке тірі. Өлді деуге бола ма, айтындаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған.



### Ол туралы:

Бөкейханов Ә. [Мәтін]: [қысқаша өмірбаяны] // Жүз тұлғаш: жинақ / құраст. Б.Нұржекеұлы – Алматы, 2005. – Б. 11-18.

Бөкейханов Ә. [Мәтін]: [қысқаша өмірбаяны] // Тұлғаштар / құраст. Ш. Күмісбаев – Алматы, 2007. – Б. 122-124.

Бөкейханов С. Өткен күнде белгі бар [Мәтін] / С. Бөкейханов. - Алматы: Жібек жолы, 2008. – 160 б.

Бұқар жырау [Мәтін]: энциклопедия. - Астана: Фолиант, 2013. - 632 б.

Қазақстан ғылымы [Мәтін]: энцикл. 1-т. А-К / ред. Б. Ө. Жақып. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. - 544 б.

Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы [Мәтін]: 10 томдық. 6-т. Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан (1920 - 2000 жылдар) / ред. Б. Егембердіқызы. - Алматы : Сөздік-Словарь, 2009. - 400 б.

Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры [Мәтін]: / Р. Нұрғали. - Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

Тілешов Е. Алаш қозғалысы [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық / Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы. - Алматы : Сардар, 2014. - 528 б.

### Шығармалары:

Бөкейханов Ә. Таңдамалы [Мәтін]: 2 кітап /Ә. Бөкейханов. - Алматы: Өлке, 2003. – 244 б.



## 1 МАМЫР

**Кинорежиссер,  
Қазақстанның  
халық әртісі**

**Ораз Әбішұлы  
Әбішевтің**

**туғанына 100 жыл.  
(1916)**

Қазақстан деректі киносының ірге тасын қалап, негізін салған, Қазақ ССР-нің Халық әртісі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ораз Әбішұлы Әбішев өзінің бүкіл ғұмырын, саналы өмірін деректі кино өнеріне арнады. Бүкіл шығармашылық жолын республикадағы киноөнерінің дүниеге келу және даму тарихымен тығыз байланыстырған режиссер өзінің елу жылдық шығармашылық ғұмырында жетпіске жуық деректі фильм және үш жүзден астам киножурналдар шығарды. Ол 1916 жылы бірінші мамырда Семей облысы (Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы), Абыралы ауданының Қайнар ауылында дүниеге келді. Әкесі Әбіш кезінде Абыралы, Қу аудандарында болыс, Кеңес өкіметі жылдары Қарқаралыда уездік сот қызметтерін атқарады. Кейін, Семей қаласында қорғаушы (адвокат) қызметінде жүріп, 1944 жылы дүниеден қайтты. Анасы Зағипа домбыра мен сырнайда бірдей ойнап, сызылта ән салатын. Сондай-ақ, он саусағынан өнер тамған, қолөнер жұмысына шебер адам болыпты. Анасының Мұқатай деген бауыры да тамаша ән салып, Әміре Қашаубаевтың шәкірті атанады.

Бала кезінен Ораз Әбішевтің тұла бойына жақсы әкеден азаматтық, мейірімділік, адалдық, парасаттылық қасиеттері, ал ана сүтімен әншілік өнері дарыды.

Жастайынан өнер бұлағынан сусындап өскен Ораз ағаның бойындағы таланты мен талабын байқаған, жер-жерден талантты жастарды жинап жүрген Әди Шәріпов 1935 жылы оны Семейден Алматыға оқуға алып келеді. Сөйтіп, ол 1936 жылы Қазақ Музыка театрының жанындағы екі жылдық актер мектебіне қабылданады. Бұл кезең – республикамыздағы музыка өнерінің профессионалдық биік деңгейге көтеріліп келе жатқан тұсы болатын. Соның айқын дәлелі – опералық шығармалардың сахнаға батыл қадам басуы еді.

Алматыдағы Қазақ музыка театрында әнші болған Ораз Әбішев Құрманбек Жандарбеков, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Қанабек Байсейітов сынды қазақтың біртума талантты перзенттерімен бірге сахнаға шығып, үлкен өнер мектебінен өтеді. «Жалбыр» операсында Қанабек Байсейітовтың дублері ретінде Міржақып Дулатовтың, «Ер Тарғында» – Сыпыра жыраудың, «Айман-Шолпанда» – Өзбектің, «Қыз Жібек» операсында – Сансызбайдың рольдерінде ойнаған болашақ кино шебері 1936 жылы Москвада өткен қазақ мәдениеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады.

Ораз Әбішевтің кино өнеріне келіп, көрнекті деректі кино режиссеры болып қалыптасуы кездейсоқ құбылыс емес еді. 1939 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің «қазақтың ұлттық киномамандарын дайындау туралы» арнайы қаулысы шығады да, Мәскеудегі Бүкілодақтық Кинематографистер институтына (ВГИК) бірнеше талантты қазақ жастарын оқуға жіберу керек деген шешім қабылданады. Көп ұзамай Ораз Әбішев оқуға аттанады. Бүкілодақтық Кинематографистер институтының режиссерлік факультетінде оқи жүріп, «Ленфильм»

киностудиясында түсіріліп жатқан «Райхан» фильмінің режиссеры Моисей Левиннің ассистенті болады. Сонымен бірге, Г. Рошаль, А. Медведкин сынды белгілі режиссерлерден тағылым алған жас Ораз Әбішев «Ленфильм», «Мосфильм» киностудияларында үлкен тәжірибе мектебінен өтеді. Әсіресе, деректі кино өнерінің құпиясы мол, белгісіз қыр-сырын игеруге бел буған Ораз Әбішевтің кейінгі шығармашылық тағдырына совет деректі киносының көрнекті режиссерлерінің әсері мол болды.

Кеңес Одағына қарсы басталған неміс басқыншылығы елдің кинематографиялық өмірін күрт өзгертеді. Ораз Әбішев 1942 жылдың басында Алматыға уақытша көшіп келген «Ленфильм» студиясының ұжымымен бірге туған жеріне қайта оралады. Осындағы Біріккен Киностудиялар Орталығында (ЦОКС) жұмыс істей жүріп, совет киносының белгілі режиссерлерімен қызметтес болады.

Соғыс жылдары Біріккен Киностудиялар Орталығы жанынан киноактерлар мектебі ашылып, С. М. Эйзенштейн, В. И. Пудовкин, С. Д. Васильев, И. А. Пырьев, Л. З. Трауберг сияқты кеңес кино өнерінің атақты шеберлерімен қатар жүріп, Ораз Әбішев осы мектепте оқыған К. Қожабеков, Н. Жантөрин, Ш. Жандарбекова, Ә. Өмірзақова, Т. Қосыбаева т. б. сияқты қазақ сахна және кино өнерінің болашақ қайраткерлеріне «Актер шеберлігі» пәнінен дәріс береді.

1946 жылы Ораз Әбішевтің «Біздің колхоз «Қызыл Ту» атты бірінші деректі фильмі экранға шығады. 1947 жылы режиссердің екі бірдей: республиканың соңғы отыз жыл ішіндегі жетістіктері туралы «Біздің рапорт» және атақты күйші Дина Нүрпейісоваға арналып, биографиялық фильмдердің алғашқы бастамасы болған «Дина», 1948-50 жылдары «Алыс жайлауда», «Қазақстан әндері» фильмдері түсіріледі.



Өнеркәсіп орындары мен жаңа қалалар құрылысының қарқынды даму барысының әсері республика өміріне түбегейлі өзгерістер алып келуі «Біздің қалада», «Қазақ жерінде», «Жұмысшы қыздар», «Шахтерлар әулеті» фильмдерінде, ауыл шаруашылығы тақырыбындағы «Біздің колхоз «Қызыл Ту», «Біздің рапорт», «Алыс жайлауда», «Гүлденген дала», «Екінші тың шақырады», «Арман аралы», «Желден жүйрік», «Мәукеннің атамекені», «Қалыбайдың бағы», «Сатан Ысқақовтың он екінші биігі» фильмдерінде көрініс табады. «Қазақстан әндері», «Халық таланттары», «Құрманғазы атындағы оркестр», «Сәлем, Москва», «Жыраулар» фильмдері өркендеп, кең қанат жая бастаған қазақ өнері мен мәдениетіне арналса, ал, «Баянауыл», «Бурабай», «Денсаулық аралы», «Алматы» фильмдерінде Қазақстанның көрікті сұлу табиғаты жырланады.

Сондай-ақ, Ораз Әбішевтің шығармашылығында жеке тұлғалардың өмір жолына арналған «Дина Нүрпейісова», «Абай», «Апа», «Мұқан Төлебаев», «Ән мен жыр дүлдүлі», «Қажымұқан», «Талғаттың биік аспаны», «Рәпия» сияқты фильмдер көптеп орын алады.



### **Ол туралы:**

Алладан иман тілейміз [Мәтін]: дерек // Дарабоз. - 2013. - №3. - Б. 52-53.

Н. Рахманқызы. Деректі кино өнерінің көш басында [Мәтін] / Н. Рахманқызы // <http://kz.nomad-kazakhstan.kz>



**17 ШІЛДЕ**

**Катонқарағай  
Мемлекеттік  
табиғи ұлттық  
паркінің**

**құрылғанына 15 жыл  
(2001)**

Мың жылдық қарағайы, самырсыны, балқарағайы жайқалып өскен нулы мекен, қаз қаңқылдап, сансыз құстар сайрап ұшқан осынау бір ғажап жерде Үкіметтің қаулысы бойынша 2001 жылдың 17 шілдесінде Катонқарағай мемлекеттік табиғи ұлттық паркі дүниеге келді.

Табиғи ұлттық парктің мақсаты – құрып бара жатқан орман байлығын Қызыл кітапқа енген қара дегелек, алтай ұлары, қызыл қасқыр, сары тышқан, бұлғын, бұлан, құндыз, бүркіт, таутеке, күдір, елік, аю, қоңыр аю, ұшатын тиін, басқа да құстар мен жануарларды қанатының астына алып қорғау, әлпештеу, жат пиғылдылардың қанды шеңгелінен құтқарып қалу, тіпті, өлшеусіз кесіліп, ұрланып жатқан ағаштарды күзету, қысқасы мемлекет байлығын көздің қарашығындай қорғау. Бұл Қазақстандағы үлкен ерекше қорғалатын табиғи территория, оның көлемі 643477 га. Оның құрамына Алтайдың (теңіз деңгейінен 4506 м биік), одан кететін Листвяга жотасы тізбегі мен Бұқтырма мен Берел өзенаралық биік тауы кіреді, Бұқтырма аңғарынан кейін оңтүстік алтай таулары тізбегі: Оңтүстік Алтай (ең биік нүктесі Жағыртау тауы – 3871 м), Тарбағатай (Хрустальная тауы – 3094 м) және Сарымсақты (Бүркітауыл тауы – 3373 м) көтеріліп тұр. Барлық тау жоталары субендік бағытта созылып жатыр және анық

асимметриялы беткейлер болып табылады, солтүстік беткейлері өзен аңғарларына тік жар болып түседі, ал оңтүстік беткейлері едәуір жайпақ және созылмалы.



Катон-Қарағай бағының үлкен континент Еуразия орталығында орналасқандығы оның территориясында қатаң континентальды батыс-сібір ауа райының құбылмалы өзгерісте болуына әкеледі. Жазықтық жерлерде мұндай көрсеткіштер жүздеген, ал кейде тіпті мыңдаған шақырым қашықтыққа сәйкес болар еді. Жылдық жауын-шашын мөлшері әр ауданда 600-ден 1800 мм аралығында ауытқиды. Олар шілдеде көп, тамызда өте аз түседі.

Батыс аймақтық ауа алмасуы нәтижесінде түсетін жауын-шашынның көп мөлшері едәуір ылғал қоры, күрделі әрі тармақты өзен жүйесі болуына жағдай жасайды. Бақ жерінің көп бөлігін Бұқтырма өзені алады, ол бақ шекарасында 200 шақырымға созылып ағып жатыр (жалпы ұзындығы 405 шақырым).

Бақтың оңтүстік бөлігін Қара-Қаба өзені алабы алып жатыр, ол – Қара Ертістің оң жағалаулық арнасы. Листвяга жотасының солтүстік беткейлерінде Катун өзенінің арнасы Тихая өзенінің жоғары ағысы орналасқан.

Жаздың бірінші жартысында олардың суы өте көп, ал қыста сусыз болады. Мұздықтарға жақын жерде тәулік ішінде су деңгейі қатты өзгеріп отырады: таңертең өзеннен шәркеймен аяғыңды су қылмай өтуге болады, ал кешке қарай осы жерден мұздықтан шыққан тасқынды ағыстан тіпті арғы бетке өту туралы ой да болмайды. Барлық

өзендердің жоғары ағысы өте биіктен сарқырап ағады, сондықтан ағыс жылдамдығы да жоғары болып келеді. Үлкен Көккөл өзені сайында сұлулығы мен көлемі жағынан керемет Көккөл сарқырамасы бар. Мұнда кең су арнасы 80 м биіктіктен құлайды, сөйтіп, үлкен тастары көп сайға қатты шумен шығады және бірнеше тарамдарға бөлінеді. Басқа өзендер – Язевка, Арасанка, Қара Берел мен Рахман көлдерінің сарқырама тармақтары өте әдемі.

Бақта 400-ге тарта көл бар. Олардың көбі – шағын, су айдыны көлемі бір шаршы шақырым (1 км<sup>2</sup>). Ең үлкен көл – Бұқтырма, ол ормандағы алқаптың жоғары шекарасында Бұқтырма өзенінің қайнар көзіне жақын орналасқан. Дәл түбінде Үлкен Рахман көлі орналасқан. Мұнда көп жылдан бері ыстық радонды бұлақ көзінде «Рахман бұлақтары» санатории жұмыс істейді, тірек – қозғалыс мүшелері ауыратын адамдар үшін баға жетпес табиғи емдік болып табылады.



Бақтың фауна мен флорасы құрамында әр түрлі табиғи аймақтар мен ірі географиялық аймақтар белгілері: тундра мен сібір тайгасы, орта азиялық далалар мен шөлейттер, Орта Азия мен

Тянь–Шань таулары бар. Осы белгілердің көбі бұрынғы геологиялық дәуір қалдықтары, Алтай эндемиктері болып табылады немесе өз таралу аймағының шетінде кездеседі.



Мұндағы мәліметтер бойынша жоғары өсімдіктердің 1000–ға тарта түрі өседі. Олардың 30–дан астамы Қазақстан Қызыл кітабына ірі гүлді, кәдімгі, сепкіл шолпанкебістер, Верещагин саздақшөбі, алтай қасқыржидегі, қарғакөз, Людовиг құртқашашы, сібір қандығы, бұйра лалагүл, ледебур бадамы, жапырақсыз орашық, дала тау шымылдығы, мақсыр маралтамыр, алияй

рауғашы, қызғылт семізот, еңге жапырақ шықшөп, алтай тау тобылғысы, аюқұлақ, ала күлте қызғалдақ және басқалар енгізілген. Көптеген өсімдіктердің әр түрлі пайдалы қасиеттері бар. Дәрілік өсімдіктер – етжапырақ бадан, шай теңгетағы, шілтер жапырақ шайқурай, мыңжапырақ акониттер және т.б. кең таралған.

Омыртқалы жануарлар фаунасына 400 түр жатады. Олар дөңгелек ауыздылар (1 түр), балықтар (15 түрден аса), қосмекенділер (3), бауырмен жорғалаушылар (6), құстар (шамамен 280), сүтқоректілер (60 түрден аса). Қызыл кітап тізіміне 15 түр енгізілген: балықтардан – таймен, ұялайтын құстардан – қара дегелек, төңтұмсық тұрпан, балықшы тұйғұн, қарақұс, бүркіт, ителгі, лашын, алатай ұлары, ақба тырна, үкі; сүтқоректілерден – барыс, тас сусары мен алтай тау қойы (арқар). Ұлттық бақ территориясының тарихи-мәдени және табиғи ерекшеліктерін есепке алу негізінде сәйкес аймақтар мен аймақ тармақтарына бөлінген. Қорықтық тәртіптегі аймақтың көлемі 151236 га, оның құрамына Бұқтарма, Қара Берели, Қара Қаба мен Ақ Қаба өзендірінің жоғары ағысы аймақтары кіреді.



#### **Әдебиеттер:**

Асқаров Ә. Жерұйық [Мәтін] / Ә. Асқаров // Егемен Қазақстан. – 2008. – 27 тамыз. - Б. 10-11.

Елубай О. Ағажай, алтайдай жер қайда?... [Мәтін] /О. Елубай // Егемен Қазақстан. – 2010. – 20 ақпан. - Б.10.

Катон – Қарағай ұлттық бағы [Мәтін] // Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары / құраст. А.А. Иващенко. – Алматы, 2006. – Б. 241-251.

Назырбаев, Қ. Катонқарағай [Мәтін] / Қ. Назырбаев ; - Астана : Фолиант , 2011. - 280 б.



## **4 ТАМЫЗ**

### **Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы**

**құрылғанына 40 жыл  
(1976)**

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы 1976 жылы 4 тамызда Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданы территориясында бірегей Марқакөл көлі мен оны қоршаған ландшафтын қорғау мақсатында құрылды. Қорықтың қазіргі көлемі 75048га, оның едәуір бөлігін (46045га) Марқакөл көлі су айдыны алып жатыр. Құрғақ жері екі бөлімге: оңтүстік шығыс жағалауы мен Азутау жотасының солтүстік баурайы, Тополевка өзені аңғары мен Күршім жотасының су айрығы бөлігі бөлінген. Қорық көлемі 2221 га қорғалатын аймақпен қоршалған. Демалу шараларын іске асыру үшін көл айдынының шығыс бөлігінен көлемі 1500 га аймақ спорттық және әуесқой балық аулауына бөлінген. Қорықтың орталық бөлігінің географиялық координаты - 49°16 солтүстік ендік және 86°37 шығыс бойлық. Орталық үй-жайы Урунхайка елді мекенінде орналасқан.

Қорық жері Оңтүстік Алтай тауында орналасқан, ол оңтүстік Сібірдің таулы - тайгалы ландшафтысының оңтүстік батыс шеті болып табылады. Физикалық-географиялық аудандастыруға сәйкес Алтай таулы облысының Оңтүстік Алтай провинциясына жатады.

Марқакөл Алтайдың ең ірі су қоймасы, ол теңіз деңгейінен 1500 метр биіктікте әдемі тауаралық шұңқырда

орналасқан. Көл сопақша созылған пішінді және солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қарай созылып жатыр. Оның ұзындығы 38 шақырым, енінің ең кең жері 19 шақырым, жаға сызығының ұзындығы 106 шақырым, тереңдігі 24 – 27 м (орташа 14,3 м). көл шұңқыры қоршаған жоталардан: Күршім – солтүстік пен батыстан, Азатау – оңтүстік пен шығыстан, Сорвенковский – солтүстік-шығыстан пайда болған. Жоталардың теңіз деңгейінен биіктігі 2000-3000 м. Ең биік жер – Ақсу – Бас (3304.5м).

Марқакөл көліне су 95 әр түрлі су көзінен келіп құяды. Едәуір ірі өзендер – Тополевка, Төменгі Еловка, Матабай, Жиренька Шалғай және Жоғары Еловка, Тихушка, Матабайка мен Тығыз кілт. Бұлар кәдімгі тау өзендері, салыстырмалы жіңішке тасы арналы, ені 2-5 м, тереңдігі 2-3м және өз сағасында атырауға ұқсас қиякөлең – қырықбуынды салдар түзеді. Қара ертіске құйылатын, тек бір ғана өзен – Қалжыр (ұзындығы 128 шақырым) Марқакөлден басталады.

Ауа райы қатаң континентальды, қысы қары көп әрі қатаң және жазы қоңыржай, әрі ылғалды. Марқакөл ауданы Қазақстан мен Алтайдың ең салқын жері. Тәуліктік орташа температура 0°-тан жоғары 162 күнге, 0°-тан төмен 203 күнге созылады. Аязсыз кезең ұзақтығы – 60-70 тәулік. Жазда температура +29°-қа дейін көтеріледі. Қыста қатты аяздар болып, температура - 45°-қа төмендейді, кейде тіпті - 53° болады. Желтоқсан, ақпанда бірнеше апта бойы температура – 35-40°-тан түспей тұрып алады.

Марқакөл өлкесі ежелден дәрілік өсімдіктердің алуан түрлілігімен аты шыққан. «Қызыл тамыр» - шай тиынтағы, «марал тамыры» - мақсыр маралтамыры, аты аңызға айналған «алтын тамыр» - қызғылт семізот және т.б. емдік өсімдіктері көпке танымал. Таудың орманды баурайлары жидекті бұталарға: қызыл қарақат – атақты «саумалдық», кара қарақат, таңқурай, «бөріқарақаттар» - алтай үшқаты,

алтай рауғашы бай. Бұлардан жергілікті халық ғажайып әсерімен аты шыққан керемет тосаптар дайындайды. Басқа да тамақтық өсімдіктерден алтай жуасы кеңінен пайдаланылады..

Қорықтың жануарлар әлемі алуан түрлі. Омыртқасыздардан көл мекендеушілер құрамы жақсы зерттелген. Зоопланктонның 60 түрі, макрозообентостың 136 түрі, тұщы су моллюскаларының 11 түрі белгілі.

Омыртқалы жануарлардың қазіргі фаунасы негізінен тайгалы бірлестікке жатады, онда 325 түр бар.

Көлдерде балықтың 6 түрі – майқап, сібір хариусы, көлталма, теңгебалық, талма балық бар.

Марқакөл қорығы құрылғаннан бергі 35 жылда бірегей табиғат бірлестігін зерттеу мен қорғау жөнінде елеулі жұмыстар атқарылды. Осы уақыт аралығында қорық қызметкерлері омыртқалы жануарлар фаунасы есебін алды, жоғарғы өзекті өсімдіктер есебі аяқталуға жақын, көл гидробиологиясы едәуір жақсы зерттелді. 140–тан астам ғылыми еңбектер жарық көрді, оның ішінде бір монография бар. Зерттеу материалдарынан екі кандидаттық жұмыс қорғалды. Көпжылдық қорғау шаралары нәтижесінде марқакөл майқабы мен хариусы, марал, бұлан, қара дегелек, балықшы тұйғын, аққұйрық су бүркіті мен басқа жануарлар популяциялары қалпына келді. Шаруашылық пайдаланатын аймақта өсетін үшжапырақ субеде, жапырақсыз орашық, жатаған ақүрпек пен балтық сүйсіні түрлеріне қарағанда, қорық жеріндегі сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар өсімдік түрлері жағдайы енді қауіп тудырмайды. 2005 жылы қорық шекарасын кеңейту жөніндегі көптен күткен жоба жұмысы жүргізілді, оған Тихушка мен Қалжыр өзендері аңғары арасындағы Күршім жотасына жақын баурайы мен Марқакөлдің солтүстік және батыс жағалауы кірді. Жан аямай қорғау нәтижесінде қорық ормандары өрт пен



кесуден сақталды, шалғындар өзінің көп гүлдері және ашық бояуларымен көз тартады, ал Марқакөл біздің жеріміздегі ең таза және ең әдемі көлдердің бірі болып табылады.

❖❖❖❖❖❖  
**Әдебиеттер:**

Архабаев Ж.. Марқакөл қорығы – табиғи байлығымыз. [Мәтін] /Ж. Архабаев // Егемен Қазақстан. – 2010. – 22 маусым. - Б.б.

Байғабылова, А. Қазақстан қорықтары [Мәтін] / А. Байғабылова ; ред. А. Жақыпова ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : Аруна, 2003. - 11 б.

Марқакөл қорығы [Мәтін] // Қазақстан қорықтары. – Алматы, 2007. – Б. 42 – 46.

Марқакөл қорығы [Мәтін] // Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары / құраст. А.А. Иващенко. – Алматы, 2006. – Б. 139-149.



## **15 ТАМЫЗ**

**Әдебиетші, жазушы**

**Тұрсын Жұртбайдың**

**туғанына 65 жыл  
(1951)**

Әдебиеттің тарихи мәртебесі көтеріле түскен сайын оның өзекті қасиеті – ақиқат – таным ақиқаты, таным дәйектілігі де айқындала түсуде. Қазіргі рухани жүгімізді тереңдей тануға құлшыныс үрдісінде әдебиеттің, әдеби деректердің ерекше құндылығын осы заңдылықтан деп

ұққан орынды сияқты. Бұл, әрине, әдебиеттің дара қасиеттерін айқындап, әлеуметтік мәртебесін қанық көрсетіп берді. Тәуелсіздік тынысы ұлттық әдебиеттің елдік тынысын ашты. Ұлттық әдебиеттің қымбат қасиеттері бұрынғыдан әлдеқайда бедерленіп көрінетін болды. Ендігі жерде оқырман жұртшылық әдебиетке тек әдебиет, әдеби шығарма деп қана қарап қоймай, әдебиеттен ұлттық рухани мәдениеттің кенішін іздейтіндей. Қалың оқырманның тарихи мәселелерді деректер арқылы талдауға тартып тұратындығын осы тұрғыдан әбден түсінуге болады. Деректі көркем талдаулар тарихи сананы жаңғыртып қалыптастыруда ұтымды әлеуметтік мәнін танытты. Әдебиетші, жазушы Тұрсын Жұртбайдың кейінгі жиырма–жиырма бес жыл бойғы тынымсыз да, жігерлі ізденістерінен туындаған еңбектерін осы тарихы таным арнасынан көреміз.

Тұрсын Жұртбай 1951 жылы 15 тамыз күні Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) облысы, Абай ауданының Шаған ауылында дүниеге келген.

Қазақстан Жазушылар одағының Ш.Құдайбердіұлы атындағы «Алаш» және І.Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтарының лауреаты.

Пәкістан Республикасының (1996), ЮНЕСКО–ның (1997) Құрмет Грамотасымен, «Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген ерекше еңбегі үшін» белгісімен марапатталған.

Поэзияда да, прозада да қалам толғаған, талантты қаламгер тарихи-көркемдік үрдіс қойнауларына ой жүгіртіп, зердеге түйген терең барлаулары мен талдаулары кенен қыртысты кен қопарғандай жемісті болды. Жазушының бұрынырақтағы ұлы суреткер Мұхтар Әуезов шығармашылығының құпияларын зеректікпен талдап ашқан шығармалары қалың қазақтың көкейіне қона кеткен еді. Мұханды жатқа оқып, суреткердің түйінді

сөздерін жадына түйген оқырман алдында, қазақ елінің алдында асыл текті суреткерінің жан қалтарыстары екінші бір, тағдыр суреттері арқылы жарқырай ашылған-ды. Мұхтар Әуезов мұрасы жайлы зерттеулер де, талдаулар да баршылық.. Ұлы суреткер шығармаларын талдап, тану үрдісі таңсық іс. Соған қарамастан Тұрсын Жұртбай әуезовтануға өз жолымен келіп, өз пікірін қосты. Тұрсын талдауларынан кейін Мұханның ұлы мұраларының тағы бір табиғи қырлары ашылып, оқырман қауым сүйікті жазушысының көркемдік–эстетикалық танымының терең ағыстарына бойлай жүзетін болды. Дүниеге мәлім эпопеяның тарихи өзектерін, прототиптерін талдау, көркемдік лабораториясын ашу Әуезов оқырмандарын роман толғамдарын тағы бір ой елегінен өткізуге бастады. Бұл - әдеби үрдісті байытып, ұлттық әдебиетті құнарландыратын ізденіс жолы.

Көпшілік көкейіндегісін қозғаған әдеби талдаулар әлеуметтік – тарихи шындықтың көпке мәлім бола қоймаған қалтарыстарын ашып берді. Алты Алаштың сөзін сөйлеп, ұлттық мүдде жолында құрбан болған қайраткерлердің тағдыры Тұрсын еңбектерінде жаңа өмірін жалғастырғандай еді. «Талқы» кітабының көпшілікке тез танылып, жұрттың қызығып оқитын кітабына айналуы да сондықтан.

«**Ұраным – Алаш!**» атты кітабы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің үстінен 1927-1932 және 1937-1938 жылдары жүргізілген тергеу ісінің негізінде жазылған. Автор 1988-1991 және 1997 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік (қазіргі Ұлттық қауіпсіздік) комитетінің архивіндегі жүзден астам «мемлекеттік аса құпия құжаттармен» танысып шығуға мүмкіндік алған. Автор Алаш ардагерлерінің тағдырына қатысты жиырма жылға жуық жинақтаған тарихи құжаттарын тергеу

деректерімен жан–жақты салыстыра отырып, тың пайымдаулар ұсынады.

Тұрсын Жұртбайдың «Сүре сөз» атты кітабы – толғау-эсселері тәуелсіздігіміздің барлық шеруі мен шерін қамтыған, тұйықталған өмір мен толқыған көңілдің пернесін басып, ой сараланған сүрелі сөз шежіресі болып табылады. Жазушының ашық та, ащы пікірі, саралы да сүрелі ойлары, жанымыздың жарасын емдеп, жадымызды жаңғыртуға ұмтылған шынайы шындықтары бүгінгі тәуелсіз қоғамымыздың ойлау жүйесін қалыптастыруға белгілі дәрежеде негіз қалады. Бұл жинақ қоғамтану саласы мен көркем ойдың даму жолына ынталы жалпы көпшілік қауымға арналған.

«Дулыға» - «түрік» деген сөздің баламасы. Жазушы бұл кітабында көшпелі тайпалар тарихында қадым заманнан бері есімдері есте қалған немесе тасқа қашалып, қағазға хатталған ірі тұлғалардың тағдырына сана сәулесін түсіру арқылы арғы тегімізді түгендеп, баба мен ұрпақтың, ұлыс пен ұлттың арасындағы алтын өзекті жалғап, тамырымызды тануды мұрат тұтқан. Ал, кітаптың екінші томында түркі және оғыз–қыпшақ дәуірлері қамтылған. Сол кездерде өмір сүрген бабаларымыз Қоқаннан бастап, әйгілі Бейбарысқа дейінгі баһадүрлердің тағдыры сөз болады.



### Ол туралы:

Еспенбетов, А. Шығармалары [Мәтін]. 2-т. Зерттеулер, мақалалар / А. С. Еспенбетов. - Астана : Фолиант, 2014. - 472 б.

Қирабаев, Серік. Зерде зері [Мәтін] // Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана, 2002. – Б. 381-385.

Оразбек М. Рухани ізденіс [Мәтін] / М. Оразбек // Жұлдыз. – 2005. – №7. - Б.143-154.

Жұртбай Тұрсын [Мәтін]: // Шығыс жұлдыздары энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана: Фолиант, 2011.- 78 б.

### **Шығармалары:**

Жұртбай Т. Абай алдында [Мәтін] / Т. Жұртбай. - Алматы: Жалын, 1987. – 12 б.

Жұртбай Т. «Бесігінді аяла!..» [Мәтін] / Т. Жұртбай. - Астана: Фолиант, 2003. – 504 б.

Жұртбай Т. Болашақтың бәйтерегі [Текст]: әңгімелер, хикаяттар, роман – новелла / Т. Жұртбай. - Алматы: Қайнар, 2007. – 368 б.

Жұртбай Т. Сүре сөз [Мәтін] / Т. Жұртбай. - Алматы: Экономика, 2005. – 400 б.

Жұртбай Т. Талқы [Мәтін] / Т. Жұртбай. - Алматы: Қазақстан, 1997. – 368 б.

Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..» [Мәтін] / Т. Жұртбай. - Алматы: Ел - шежіре, 2008. – 472 б.



## **23 ЖЕЛТОҚСАН**

### **Есет Әукебаевтың**

**туғанына 95 жыл  
(1921 - 2008)**

*Халқым болып келші Сен,  
Бекер ғұмыр кешпейтін.*

*Салтым балып келші Сен,*

*Салған ізі өшпейтін, -*

деп жырлаған қазақтың белгілі ақыны Есет Әукебаев осы шумақты өлеңге қаратып айтады. Өмірін өлеңмен өрнектеп, жырмен жайнатқан, жүрек қазанында сезімін сірнедей қайнатқан ардақты ағамыз сонау шекарашы ғұмырдан басталған ақындықтың арқау жібін жібектей жайнатып, сәбидей ойнатты.

Нұр Зайсанның айдынына құлаш ұрып, алтын құмына қыздырынып, Сауырдың самалына сусындап өскен Есет ағамыздың өмір жолы да өрнекті, өткен күндері де көрнекті. Әсіресе, ел шебінде күзетте жүріп, арайлап атқан таңмен, балқып батқан күнмен, барқыт жамылған түнмен, сылдыраған жапырақпен, сыр ұрлаған атыраппен іштей қабысып, үнсіз табысқан шақтар әр ақынның еншісіне тимеген жұлдызды сәттер. Содан сыр жинаған, жыр құраған ақын көңілі күңгірт тартпай, көлеңке түспей, сол балалықтың базары даналықтың назарында келді.

Әукебаев Есет 1921 жылы 23 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданының Теректі ауылында туған. 1940 жылы қазан айында Қызыл Армия қатарына шақырылған. Байкал майданының Халхын Гол (Монғол Халық Республикасы) аумағындағы кеңес әскерлерінің құрамында моторлы атқыштар полкының рота саяси жетекшісі, осы полктің комсоргі болған. 1944 жылы мамырда шекара әскеріне ауысқан. 1956 жылдың шілдесіне дейін Байкал, Шығыс шекара округтерінің шекара отрядтарында қызмет атқарған.

Әскери атағы – полковник. Әскерден босаған соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде (1956-1969) әдеби қызметкер, әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі, республикалық «Жазушы» баспасында Бас редактор (желтоқсан 1969 – қараша 1984) болып істеген. 1963 жылы

Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Алғашқы өлеңі 1937 жылы Зайсан аудандық «Социалды жол» газетінде жарияланған.

Алғашқы кітабы – «Сақшы сыры» (1954). Бұдан кейінгі кітаптары. «Таң шапағы» (1966), «Досыма хат» (орыс тілінде, 1968), «Асқар таулар» (1973); «Бірлік бәйтерегі» (орыс тілінде, 1977), «Кеңшілік» (1980), «өмір - бақыт» (1983), «Күн мен көлеңке». Сонеттер (2000).

Екінші дәрежелі ұлы Отан соғысы орденімен «За боевые заслуги», «За безупречную службу», «За доблестный труд» медалімен, басқа да көптеген медальдармен, «Халхын Голдегі жеңіс» (монғол Халық Республикасы) медалімен, екі рет Қазақ КСР жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Қазақстан республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

2008 ж. 3 қарашада Есет Әукебаев дүниеден өтті.



### **Ол туралы:**

Әукебаев Е. [Мәтін]: [қысқаша өмірбаяны] // Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр: анықтамалық. – Алматы, 2004. – Б. 62.

Ғабдуллаұлы С. Салған ізі өшпейді [Мәтін] / С. Ғабдуллаұлы // Дидар. – 2001. - 25 желтоқсан. - Б.4.

Мырзабеков К. Қазақ поэзиясы. 1981 жыл [Мәтін] // Жұлдыз.- 2002.- № 7.- Б.183-199.

Әукебаев Есет [Мәтін]: Советтік Қазақстан жазушылары био-библиогр. анықтамалық / ред. Т. Рахимов; құраст. С. Ахметов. - Алматы: Жазушы, 1987. - 736 б.

Әукебаев Есет [Мәтін]: // Шығыс жұлдыздары энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. - Астана: Фолиант, 2011.- 39 б.

### **Шығармалары:**

Әукебаев Е. От жұтқан жүрек, өшпес ерлік [Мәтін] // Қазақ әдебиеті.- 2005. – 22 сәуір. - Б.7.

Әукебаев Е. Сен айтпасаң, мен айтпасам [Мәтін] // Қазақ әдебиеті.- 1998. - 8 мамыр. - Б.10.

Қазақ совет поэзиясының антологиясы [Мәтін]: өлеңдер. 2 т. / - Алматы: Жазушы, 1977. - 568 б.



## Аталып өтілетін есімдердің алфавиттік көрсеткіштері

Абдуллин М. М.	7; 26
Абдуллин Р. М.	7; 26
Абылқасымов А.	13
Айқымбаев М. А.	16
Ақылбайұлы Ә.	17
Анисимов С. М.	10
Анов Н. И.	16
Асқаров Ә. А.	6
Ахметжан Т.	15
Әбдірахманов Т.	14
Әбенев Ш.	5;23
Әбішев О.	9;31
Әкбаров Ә. А.	4
Әскербекқызы Ж.	4
Әукебаев Е.	15;46
Бөкейханов Ә. Н.	7;27
Волков А. М.	10
Егоров А. И.	8
Ермаков П. А.	19
Жанатайұлы К.	20
Жолжақсынов Д.	13
Жүнісов А.	11
Журба П. П.	7
Жұмаділов Қ.	8
Жұртбай Т.	12;42
Исса С.	12
Кеңес Ю.	11
Кеңесбаев Т.	18
Көпенұлы Б. (Ағашаяқ)	19
Көшімбайқызы А	18
Крахмаль А. С.	7
Қуантайұлы Н.	6

Құнанбаев А. А.	17
Құрбанғали Х.	20
Лекеров Ә.	17
Машақов С.	14
Меньшиков В. С.	18
Михаэлис Е. П.	13
Мұқамедханов Қ.	5
Немцев М. С.	10
Обручев В. А.	18
Оразалинов С. Ш.	8
Павел Ж.	19
Палас П. С.	19
Пермитин Е. Н.	5
Польнин Ф.	20
Потанин В. П.	6
Сапаев Ғ.	13
Сапожников В. В.	15
Сегізбаев К.	9
Седельников А. Н.	12
Сейсенбаев Р.	13
Сәрсекеев. М.	4;21
Табеев Қ.	9
Тәңірбергенұлы Ә.	17
Тұрысбеков С.	7
Ұзақбаева К.	16
Фонов Н.	20
Французов Б. И.	17
Шишов П. Б.	17
Шынқожа батыр	19
Ысқақов Қ.	20
Ілиясова М.	20
Черепанов С.	6
Яроцких И. М.	11

## Мазмұны

Құрастырушыдан.....	3
2016 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндердің тізбегі.....	4
Айы мен күні белгісіз тарихи оқиғалар.....	17
Аталып өтілетін мерейтой иелеріне қысқаша анықтама және әдебиеттер тізімі.....	21
Аталып өтілетін есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	51



**Құрастырушы:**

**Нұрғалиева Ш. М.**

**Редактор:**

**Мукашева К. Б.**

**Шығаруға жауапты:**

**Карчалова К. Қ.**